## Хабарландыру

**«KAZ Minerals Bozshakol» ЖШС (ҚАЗ Минералз Бозшакөл) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.**

1. **Жобалық құжаттаманың атауы:** «Павлодар облысындағы «KAZ Minerals Bozshakol» ЖШС (ҚАЗ Минералз Бозшакөл) тау-кен техникасына қызмет көрсету ғимаратын кеңейту» объектісі бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары кезеңіне қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар.

2. **Әсер ету аумағы:** Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Төртқұдық ауылдық округі, Төртқұдық ауылы.

Жұмыс жүргізілетін учаскенің географиялық координаттары (алаң бұрыштары):

1. 51°50'30.30"С 74°16'40.19"Ш
2. 51°50'30.24"С 74°16'45.35"Ш
3. 51°50'34.51"С 74°16'40.14"Ш
4. 51°50'34.50"С 74°16'45.39"Ш

**3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 13 шілдеде сағат 15:00-де Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Төртқұдық ауылдық округі, Төртқұдық ауылы, Фабричная көшесі, 10 (ауылдық клуб) мекенжайы бойынша өтеді.**

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Қоғамдық тыңдауларға қатысуға арналған белсенді сілтеме:

https://us05web.zoom.us/j/83241733247?pwd=O3CO1wqrJ91pLci2Kchfwz3TN05nMc.1

Конференция идентификаторы: 832 4173 3247.

Қол жеткізу коды: 11Rxpe.

4. Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «KAZ Minerals Bozshakol» ЖШС (ҚАЗ Минералз Бозшакөл). БСН 090540005490.

Мекенжайы: Екібастұз қаласы, Төртқұдық ауылдық округі, Төртқұдық ауылы. Тел. 87013005270.

5. Әзірлеуші: «Инженерлік шешімдер» жобалау-құрылыс компаниясы» ЖШС. БСН 011140001174. ШҚО, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 37, 103-кеңсе. Тел. +7 7232 71 13 81. E-mail: project@eng-solutions.kz.

6. Жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz сайтында және жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/about?lang=ru сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

7. Жоспарланып отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланып отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі мекенжайлар бойынша алуға болады:

«KAZ Minerals Bozshakol» ЖШС (ҚАЗ Минералз Бозшакөл), БСН 090540005490, Екібастұз қаласы, Төртқұдық ауылдық округі, Төртқұдық ауылы, тел. 87013005270; «Инженерлік шешімдер» жобалау-құрылыс компаниясы» ЖШС, БСН 011140001174, ШҚО, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 37, 103-кеңсе, тел. +7 7232 71 13 81, e-mail: project@eng-solutions.kz.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша қағаз немесе электронды түрдегі ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу басталатын күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ҚО ТРЖК ҰДБ сайтында, сондай-ақ «Павлодар облысы Жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б-үй мекенжайында; тел.: **+77055403051, 8 7182 372178,** электронды мекенжайы: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru. (2064)

### Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар

**«Fonet Er-Tai AK MINING» ЖШС Павлодар облысы Екібастұз қаласында орналасқан Аяқ-Қоджанчад 4 жер қойнауы учаскесін игеру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.**

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен 2026 жылғы 26 мамырдағы Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - 17.06.2026 ж.

Ескертулер мен ұсыныстарды (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау Комитеті) kerk@ecogeo.gov.kz электронды мекен-жайына немесе Астана қ., Мәңгілік ел даңғ., 8 «Министрліктер үйі», 14 кіреберіс (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігі экологиялық реттеу және бақылау Комитеті), телефон **8 (7172740105)** қабылдайды. (2066)

### Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар

**«Fonet Er-Tai AK MINING» ЖШС Павлодар облысы Екібастұз қаласында орналасқан Аяқ-Қоджан жер қойнауы учаскесін игеру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.**

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен 2026 жылғы 29 мамырдағы Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - 19.06.2026 ж.

Ескертулер мен ұсыныстарды (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау Комитеті) kerk@ecogeo.gov.kz электронды мекен-жайына немесе Астана қ., Мәңгілік ел даңғ., 8 «Министрліктер үйі», 14 кіреберіс (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігі экологиялық реттеу және бақылау Комитеті), телефон **8 (7172740105)** қабылдайды. (2066)




### Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар

**«GCL&Integra Energy Ltd» жеке компаниясы «Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласындағы қуаттылығы 4×660 МВт (2640 МВт) болатын ГРЭС-3 көмір жылу электр станциясының құрылысы» жобасын іске асыруды жоспарлап отыр.**

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен 2026 жылғы 29 мамырдағы Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - 19.06.2026 ж.

Ескертулер мен ұсыныстарды (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау Комитеті) kerk@ecogeo.gov.kz электронды мекен-жайына немесе Астана қ., Мәңгілік ел даңғ., 8 «Министрліктер үйі», 14 кіреберіс (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігі экологиялық реттеу және бақылау Комитеті), телефон **8 (7172740105)** қабылдайды. (2066)

«Казахский Лифтовой Центр» ЖШС лифттерді техникалық қамтамасыз ету тарифтерінің ұлғаюы туралы хабардар етеді. Лифтті техникалық қамтамасыз ету құны **2026 жылғы 01 шілдеден бастап 1 м2 39,90** теңгені құрайды. (2065)

КӨШІ-ҚОН

# Тәртіпті бұзу азайды

**Жыл басынан бері 435 қандасқа Қазақстан Республикасының азаматтығы жеңілдетілген тәртіппен берілген. Қытай, Ресей, Моңғолия, Түркіменстан және Өзбекстаннан келген 204 этникалық қазаққа тұрақты тұруға рұқсат берілген. Қоныс аудару мен бейімделуге қолдау көрсету мақсатында этникалық қазақтарға 409 виза берілді. Олардың барлығы тегін рәсімделді. Қазіргі таңда Павлодар облысында шетелден қоныс аударған 3821 этникалық қазақ тұрады.**

**Сара ӘБДОЛ**

Өңіріміздегі көші-қон жағдайы туралы Павлодар облыстық полиция департаменті көші-қон қызметі басқармасының бастығы Александр Кузьменко айтып берді.

- Есепті кезеңде облыс аумағында 3420 шетел азаматы уақытша тіркелді. Бұл өткен жылдың осы кезеңіндегі көрсеткішпен шамалас. Оның ішінде 2863 адам ТМД елдерінен, ал 557 адам алыс шет мемлекеттерден келген. Мемлекеттік қызмет көрсету аясында өңірдің 37 817 тұрғыны жеке куәлік пен паспорт алды. Тұрақты тұрғылықты жері бойынша 9797 азамат тіркелді. Бүгінде Павлодар облысында тұрақты негізде 12 485 шетел азаматы тұрады. Оның ішінде 9704-і ТМД елдерінің азаматтары болса, 2781-і - алыс шетел азаматтары, - дейді ол.

Жыл басынан бері көші-қон талаптарын бұзғаны үшін 2290 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, шетел азаматтарының елде болу тәртібін бұзу фактілері азайған. Биылғы бес айда мұндай құқық бұзушылықтардың саны 577-ні құраса, өткен жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш 789 болған. Соттарға жолданған материалдар саны да 430-дан 346-ға дейін төмендеген. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл аясында іздеуде жүрген азаматтарды анықтау жұмыстары да нәтижесін беруде. Атап айтқанда, алимент төлеуден жалтарып жүрген 184 адамның 83-інің орналасқан жері анықталды. Сондай-ақ, іздеуде болған 35 борышкердің 17-сі табылды.

Шетел азаматтары арасындағы қылмыс деңгейінің төмендеуі де оң үрдістің бар екенін көрсетеді. Биылғы бес айда шетелдіктер жасаған 10 қылмыс тіркелсе, өткен жылдың осы кезеңінде олардың саны 15 болған. Қылмыстық істер бойынша жәбірленуші ретінде танылған шетел азаматтарының саны да 27-ден 18 адамға дейін азайған.

ӨНЕР

# «Ертіс-Баян» – 2026

**2026 жылдың 25-30 қыркүйегі аралығында Павлодар қаласында дәстүрлі «Ертіс-Баян» II республикалық театрлар фестивалі ұйымдастырылады. Араға екі жыл салып қайта оралатын айтулы мәдени шара еліміздің театр өнерін дамытуға, шығармашылық ұжымдар арасындағы кәсіби байланысты нығайтуға және ұлттық сахна өнерінің үздік жетістіктерін насихаттауға бағытталған.**

Биылғы фестиваль қазақ театр өнерінің көрнекті өкілі, талантты режиссер, ұлағатты педагог, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерсайын Қандержанұлы Тәпеновтің 80 жылдық мерейтойына арналады.

6 күнге созылатын өнер мерекесіне еліміздің әр өңірінен келген жетекші театр ұжымдары қатысып, көрермен назарына өздерінің таңдаулы спектакльдерін ұсынады. Бағдарлама аясында түрлі жанрдағы қойылымдар көрсетіліп, кәсіби сыншылар мен театр мамандарының қатысуымен шығармашылық пікірталастар, кездесулер және тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылады деп жоспарлануда.

«Ертіс-Баян» фестивалі театр қайраткерлері мен өнерсүйер қауымның басын қосатын маңызды мәдени алаңға айналып келеді. Бұл шара көрерменге жаңа шығармашылық ізденістермен танысуға мүмкіндік берсе, театр ұжымдары үшін тәжірибе бөлісіп, кәсіби шеберліктерін шыңдауға жол ашады.

Айта кетейік, осыдан 2 жыл бұрын араға 10 жыл салып «Ертіс-Баян» фестивалінің шымылдығы түрілген болатын. Оған еліміздің 10-нан аса өнер ұжымы қатысып, репертуарларындағы үздік қойылымдарын ұсынған болатын.

**А.БОРАНБАЕВА.**

SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

**«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі** (Павлодар қаласы) **«Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті**

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. **№KZ17VPY00084792** куәлігі берілген.

**Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.**



**ЖШС директоры Руслан БИЛЯЛОВ**

**Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ**

**Телефоны:** 66-15-30

**ЖШС-нің мекенжайы:** Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

**Редакцияның мекенжайы:** 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: **saryarka-samaly.kz**

Газеттің электронды поштасы: **ssamaly29@gmail.com.**
**Бас редактордың орынбасары** - 66-15-28.
**Жауапты хатшы** - 66-15-31.
**Әлеуметтік бөлім** - 66-14-64, 66-15-32.
**Экономика, саясат** - 66-14-61, 66-12-74.

**Жарнама бөлімі:** smi14reklama@gmail.com 66-15-42, 66-15-40.

**Маркетинг және тарату бөлімі** - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 3245 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 663

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.